АТҚАРУ КОМИТЕТІ **ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ**

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

02.10.2026 жыл **№ 11, 3-т.**

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ қаржылық қызметті ұйымдастыру, бухгалтерлік есепті жүргізу және іс жүргізу жұмысының жай-күйі туралы.

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ-дегі (әрі қарай – *Жергілікті кәсіподақ*) қаржы қызметін ұйымдастыру, бухгалтерлік есепті жүргізу және іс жүргізу жұмыстарының жай-күйі туралы» ақпаратты тыңдап, талқылай келе, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының (әрі қарай – *Кәсіподақ*) Атқару комитеті мыналарды **атап өтеді:**

Жергілікті кәсіподақтың басшылық органдары қаржы қызметін ұйымдастыру, бухгалтерлік есеп пен іс жүргізуді жүргізу бөлігінде жарғылық құжаттар мен жоғары тұрған кәсіподақ органдары қаулыларының орындалуын толық көлемде қамтамасыз етпейді.

Жергілікті кәсіподақ ұйымында әрбір жоспарланған және өткізілген іс-шара бойынша ақша қаражатының қозғалысына (операциясына) қажетті құжаттардың (хаттамалар, бұйрықтар, кірістер мен шығыстар сметалары, іс-шараларға арналған шығыстар сметалары) қалыптастырылуы қамтамасыз етілмеген. Кәсіподақтың бағдарламалық құжаттары мен оның басшылық органдары қаулыларының бухгалтерлік жұмыс тәжірибесіне «1С:Кәсіпорын 8.3» заманауи цифрлық автоматтандыру және басқару платформасын міндетті түрде енгізу туралы талабы орындалмай отыр.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 241 бұйрығымен бекітілген Бухгалтерлік есепті жүргізу қағидаларын бұза отырып, тауар-материалдық құндылықтарды есепке алу, беру және есептен шығару жүзеге асырылмаған.

Еңбекақы төлеу, іссапар шығындары бойынша құжаттарды ресімдеу, материалдық және қайырымдылық көмек көрсету мәселелерінде кемшіліктер орын алған.

Осы уақытқа дейін мемлекеттің нормативтік құқықтық актілерінің және Кәсіподақтың басшылық органдары қаулыларының іс жүргізуді қазақ тіліне көшіру туралы талабы орындалмаған.

Жекелеген жағдайларда міндетті кадрлық құжаттамалар – еңбек шарттары, бұйрықтар, лауазымдық нұсқаулықтар жоқ.

Іс жүргізуді, кіріс және шығыс хат-хабарларын есепке алуды тиісті деңгейде ұйымдастыру жоқ.

Жергілікті кәсіподақ ұйымын басқару жүйесі Кәсіподақ және Жергілікті кәсіподақ жарғыларының талаптарына дереу сәйкестендірілуді талап етеді. Жергілікті кәсіподақта атқарушы орган құрылмаған, оның құрамы айқындалмаған.

Алқалы органдар отырыстарының хаттамалары жоқ.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ-нің кәсіподақ комитетіне (Төрағасы М. Ибраимов) **2026 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде**:

1.1. Кәсіподақ мүшелік жарналарының толық жиналуына тұрақты бақылау ұйымдастыру, сондай-ақ, Кәсіподақтың қаржылық мүмкіндіктеріне талдау жасалуын қамтамасыз ету.

1.2. Кірістер мен шығыстар сметаларын, оның ішінде әрбір жоспарланған және өткізілген іс-шара бойынша шығыстар сметаларын, сондай-ақ, Кәсіподақтың жеке құрам бойынша және негізгі қызметіне қатысты барлық бұйрықтарын Кәсіподақтың жергілікті (локальдік) құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестендіру.

1.3. Басқару, есепке алу және бақылау процестеріне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті енгізу бойынша басшылық органдардың талаптарының орындалуын қамтамасыз ету. Бухгалтерлік есепті «1С:Кәсіпорын 8.3» платформасына көшіру.

1.4. Қайырымдылық және материалдық көмек түрлерін анықтау және төлемдерді жүзеге асыру кезінде заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ету, оларды төлеу кезінде салықтардың жасырылуына жол бермеу.

1.5. Іс жүргізуді Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Атқару комитетінің 2024 жылғы 22 ақпандағы қаулысымен бекітілген Кәсіподақ органдарында іс жүргізу және жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізуді ұйымдастыру.

1.6. Кадрлық құжаттаманы жүргізуді заңнама мен Кәсіподақтың жергілікті (локальдік) құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестендіру.

2. «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы М. Ибраимовқа **2026 жылғы 10 желтоқсанға дейінгі мерзімде** Орталық комитеттің аппаратына осы қаулының орындалуı туралы ақпарат ұсынысын енгізу (немесе *ақпарат ұсыну*).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға **А. Мұқашева**